ҚОҒАМ

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ЕҢБЕК ПЕН ІЛГЕРІЛЕУДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

3-бетте

АҚПАРАТ

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨНЕГЕ ЖОЛЫ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru | №78 (1937) 5 шілде 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНІҢ КӨШБАСШЫСЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевты қабылдады. Кездесу барысында еліміздің көлік-транзит әлеуетін одан әрі арттыру шаралары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан аумағы арқылы жүк тасымалын ұлғайту үшін автомобиль жолдары мен авиахабтар желісін белсенді дамыту маңызды екеніне назар аударды. Сонымен қатар, теміржол саласындағы ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы жүзеге асыру мәселесіне айрықша мән берілді.

Көлік-логистика секторының ІЖӨ-дегі үлесін ұлғайту мақсатында министрге кедергі келтіретін факторларды сараптап, саланы дамыту тәсілдерін қайта қарау міндеті жүктелді.

Мемлекет басшысы көлік дәліздерінің өткізу мүмкіндігін кеңейтіп, Қазақстанның Еуразиядағы негізгі сауда-логистика торабы ретіндегі рөлін нығайту үшін жан-жақты әрі тиімді шаралар қабылдауды тапсырды.

AKORDA.KZ.

6 ШІЛДЕ - АСТАНА КҮНІ

ОРНЫ БӨЛЕК ЕЛОРДА

Қазақстан Республикасының жаңа тарихында айрықша орын алатын атаулы күндердің бірі – 6 шілде. Бұл күн – еліміздің бас қаласы, мемлекетіміздің әкімшілік-саяси орталығы Астананың ресми түрде астана мәртебесін алған күні. 1998 жылдан бастап 6 шілде – елорда күні ретінде аталып өтіп келеді.

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның жүрегі. Елорда – ел дамуының, жаңғыруының, болашаққа бет алған сенімді қадамының көрінісі. Мемлекеттің маңызды шешімдері қабылданатын орталық ретінде де, рухани және мәдени-өркениеттік өрістің символы ретінде де Астананың орны бөлек.

Қысқа уақыт ішінде бой көтерген Астана бүгінде Орталық Азиядағы ірі заманауи мегаполиске айналды. Қаланың сәулеті, инфрақұрылымы, халқының әлеуеті – еліміздің қарқынды даму жолын айқын көрсетіп отыр. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың символына айналған елорда төрінде халықаралық саммиттер, мәдени және ғылыми форумдар өткізіліп, Қазақстанды әлемге танытатын бастамалар жүзеге асуда.

Астана күні – барша қазақстандықтар үшін ортақ қуаныш пен мақтаныштың мерекесі. Бұл күнде еліміздің түкпір-түкпірінде мерекелік концерттер, көрмелер мен патриоттық іс-шаралар өткізіліп, жастардың бойында отансүйгіштік сезім қалыптасып, елге деген сүйіспеншілік арта түседі.

Мереке аясында халық ел дамуына үлес қосқан азаматтарды еске алып, жаңа жетістіктерге ұмтылудың маңыздылығын ұғына түседі. Астана – тек қала ғана емес, ол – елдің арман-тілегі, болашаққа деген үміті мен сенімі.

Еліміздің бас қаласы – Астана әрдайым өркендей берсін! Ел іргесі берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

«ST» АҚПАРАТ.

ІССАПАР

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ – ЭКОНОМИКАСЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨҢІР

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келіп, өңірдің мәслихат депутаттарымен және жергілікті қоғам өкілдерімен кездесті. Іссапар аясында ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген тапсырмалардың өңірде орындалу барысымен танысып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды нысандарды аралады. Сенат Төрағасы «Ауыл аманаты» бағдарламасының жүзеге асырылуы, өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысы және әлеуметтік мекемелердің халахуалына назар аударды.

Облыстық мәслихат депутаттарымен өткен кездесуде Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамаларын сапалы жүзеге асыру үшін Парламент пен жергілікті өкілетті органдар арасындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, Президенттің Жолдауында және Мәслихат депутаттарының II республикалық форумында өңірлердің өркендеуі, экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібі мен ауылшаруашылығын дамыту басты бағыт ретінде белгіленген. Осы міндеттерді тиімді жүзеге асыруда заң шығару процесі мен жергілікті атқарушы құрылымдардың өзара байланысы шешуші рөл атқарады.

Сенат Төрағасы Жамбыл облысының қазіргі таңда экономикасы тұрақты дамып келе жатқан өңірлердің бірі екенін айта отырып, бұл әлеуетті толық пайдалану үшін барлық деңгейдегі өкілді органдар мен қоғам өкілдері бірігіп жұмыс істеуі қажет екенін жеткізді. Ол Президенттің инвестиция тарту, жаңа технологияларды енгізу және өндіріс көлемін ұлғайту жөніндегі тапсырмалары аясында Жамбыл облысында бірқатар жобалар жүзеге асып жатқанын атап өтті. Облыста өңдеуші өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, шағын және орта бизнес, әлеуметтік инфрақұрылым бағыттарында серпінді даму байқалады. Жаңа жұмыс орындары құрылып, денсаулық сақтау мен білім беру нысандары бой көтеруде.

Мәулен Әшімбаев Сенаттың алдағы уақытта Жамбыл облысынан сайланған депутаттармен бірге өңірдің жан-жақты дамуына қолдау көрсете беретінін жеткізді. Ол заң шығару процесіне мәслихат депутаттарын кеңінен тартудың, сондай-ақ жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешуге ықпал етудің маңызын да атап өтті. Осыған байланысты Сенат жергілікті өкілетті органдармен бірлескен жұмыстарды әрі қарай да жүйелі түрде жүргізе бермек.

Сапар барысында Сенат басшысы Жамбыл облысының дарынды және белсенді жастарымен де жүздесті. Кездесуде ел Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жастар саясаты мен ұлттық бағдарламалар сөз болды. Мәулен Әшімбаев жастарды заман талабына сай білім алуға, жаңа технологияларды меңгеруге және үздіксіз өзін-өзі дамытуға шақырды. Оның айтуынша, елімізде білім алу мен кәсіби дамуға барлық жағдай жасалған. Бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – жастардың өз қолында. «Сонымен қатар, жастарды мемлекеттік басқару ісіне белсенді тарту, заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы олардың әлеуетін арттыру – Сенаттың басты бағыттарының бірі», – деді Сенат басшысы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Тараз қаласындағы облыстық әлеуметтік оңалту орталығында болып, мекеменің жұмысымен танысты. Мұнда бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға қажетті барлық жағдай жасалған. Сапар аясында сенаторлар Байзақ ауданындағы «Мейірім» балабақшасына да барды. Бұл мекеме «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жабдықталып, 25 адамды жұмыспен қамтып отыр. Қазіргі таңда балабақшада ауылдың 125 бүлдіршіні тәрбиеленуде.

Сенаторлар бұдан бөлек, ауылшаруашылығы саласына арналған фторсыздандырылған фосфат өндіретін «Минералды тыңайтқыштар» кәсіпорны мен «JS GLASS» шыны зауытының қызметімен танысты. Бұл кәсіпорындарда өндірістік қуаттылықты арттыру және өңір экономикасына үлес қосу бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылып жатыр.

Мәулен Әшімбаевтың бұл сапары Жамбыл облысының дамуына жаңа серпін беруімен, Сенат пен өңір арасындағы өзара байланысты одан әрі тереңдетуге бағытталған нақты қадамдармен ерекшеленді. Сенат Төрағасы өз сөзінде азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру елдің басты мақсаты екенін атап өтіп, бұл жолда заңнамалық қолдау мен жергілікті бастамалардың бір арнада тоғысуы шешуші мәнге ие екенін атап айтты.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ИНВЕСТИЦИЯ

ТҮРКІСТАНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ДРОНДАРЫ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Сауран ауданындағы «Шағын өнеркәсіптік паркті» аралап, жүзеге асырылған және енді іске қосылатын жобалармен танысты. Жауаптыларға инвестиция тарту бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

– Біздің басым бағытымыз – өндіріс орындарын ашу. Одан басқа жол жоқ. Өндірістік парктегі әрбір ғимаратта өндіріс орындары жедел іске қосылып, жұмыс орындары ашылуы тиіс. Ал, ғимаратты алып, жобаны кешіктіргендермен жұмыс жүргізіңіздер. Нысанды басқа инвесторлар мен кәсіпкерлерге ұсыну қажет. Жұмыстар жоспардан кешікпеуі керек, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыс әкімі «AVATAR AGRICULTIRAL TECHNOLOGY DEVELOPMENT» компаниясының өндіріс орнында болды. Бұл компаниямен жыл басында ауылшаруашылығы дрондарын шығаратын зауыт ашу бойынша келісім жасалған болатын. Аталған зауыт елімізді ауылшаруашылығы дрондарымен қамтуды көздеп отыр. Жобаның болжамдық құны–5 миллион АҚШ доллары. Қуаттылығы айына – 600 дана. Бүгінде қытайлық инвестор ғимаратты өндіріске бейімдеп, арнайы құрал-жабдықтарын жеткізе бастады. Жұмыстың басым бөлігін негізінен роботтар атқарады деп күтілуде. Өңір басшысы инвестормен пікір алмасып, жобаға қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Өңір басшысы ауылшаруашылығы техникаларын, тұрмысқа қажетті пакет шығаратын, жиһаз өндіретін және өзге де кәсіпорындарды аралап көрді. Жылу қазандықтарын құрастыру жоспары да пысықталды. Кәсіпкерлер мен инвесторлар жұмысты бастауға қолайлы жағдай ұсынған облыс әкімдігіне ризашылықтарын білдірді. Алдағы уақытта өндірістік парк жаңа жобалармен толығады деп жоспарланып отыр.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сумен жабдықтау және су тарту жүйелерін дамыту, сондай-ақ цифрландыру мен су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелері қаралды.

Отырыста өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев сумен жабдықтау және су бұру саласындағы тарифтік саясат туралы, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев саланы цифрландыру туралы баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар өңір әкімдері сөз сөйледі.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметтері бойынша, сумен жабдықтау қызметтеріне қала халқының 99,3 пайызы және ауыл халқының 97,5 пайызы қол жеткізе алады. Еліміздің 90 қаласының 73-і 100 пайыз ауыз сумен қамтамасыз етілген. Қалған 17 елді мекен де жыл соңына дейін ауыз сумен 100 пайыз қамтылады, деп хабарлады Ерсайын Нағаспаев.

Олжас Бектенов сумен жабдықтау саласындағы жобаларды уақтылы аяқтаудың маңыздылығына назар аударды.

«Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – аса маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі. Бұл мәселе Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Қажетті қаражат Республикалық бюджетте көзделген. Сонымен қатар, заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару жөніндегі Президент тапсырмасы аясында сумен жабдықтау бойынша 230-ға тарта жобаны іске асыру үшін Арнаулы мемлекеттік қордан қосымша 160 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Тұрғындардың өмір сапасы таза ауыз суға тікелей тәуелді. Сондықтан елді мекендерді сумен қамтамасыз ету – Үкіметтің басым міндеттерінің бірі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр климаттың өзгеруі, суды тұтыну көлемінің артуы және су ресурстарының тапшылығы жағдайында заманауи тәсілдер мен үнемдеу технологияларын пайдаланудың маңыздылығын атап өтті. Су құбырларын дамытуға айрықша назар аудару керек. Бұл жұмысты елді мекендерді дамыту жоспарларымен үйлестіре отырып жүргізу қажет.

Үкімет отырысы барысында Олжас Бектенов өнеркәсіп және құрылыс, су ресурстары және ирригация министрліктеріне, өңірлердің әкімдіктеріне инфрақұрылымдық бірқатар жобаны жүзеге асыруды жеделдетуді тапсырды.

Мәселен, Су ресурстары мен ирригация министрлігі мен Ақмола облысы әкімдігінің алдына қысқа мерзімде елорда маңындағы ауылдарды орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету шараларын қабылдау міндеті қойылды.

«Самұрық-Қазына» қоры мен Маңғыстау облысының әкімдігіне 15 шілдеге дейін Кендірлі зауытын іске қосу жұмыстарын аяқтап, Жаңаөзен қаласына су беруді қамтамасыз ету тапсырылды.

Қаржы, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері Ұлытау облысының әкімдігімен бірлесіп, осы жылдың 1 тамызына дейін Жезқазғанда су тазарту құрылысын реконструкциялау жобасын қосымша қаржыландыру жөнінде шешім қабылдауы қажет.

Сонымен қатар, Премьер-министр коммуналдық инфрақұрылымды жүйелі жаңғырту және желілердің тозу деңгейін әрі қарай төмендету қажеттігін атап өтті.

«Сумен жабдықтау және су тарту жүйелерін дамытумен қатар, су үнемдеу технологияларын енгізу және су ресурстарын басқаруды цифрландыру жұмыстарын жандандыру қажет. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейін одан әрі төмендету керек. Ескірген коммуналдық инфрақұрылымды барынша жаңғыртып, жаңаларын салуға маңыз берілуі тиіс. Бұл мәселе қабылданған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру аясында шешімін табады», — деп атап өтті Премьер-министр.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ПРОКУРАТУРА

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУДА НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР БАР

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Жамбыл облысының прокуратурасы құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Қадағалау қызметінде тиімді тәсілдер қолданылып, негізгі күш қоғамдағы өзекті проблемаларды анықтауға, олардың себептерін жоюға, міндеттерді шешуге және уәкілетті органдардың жұмысын бағалауға бағытталды. Бұл ретте прокуратураның басты мақсаты – атқарушы және құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерін үйлестіріп, олардың жұмысының тиімділігіне бақылау орнату болды.

Осы мақсатта өңірдің барлық аудандарында ауқымды «Қоғаммен байланыс» жобасы жүзеге асырылды. Кездесулер мен қабылдаулар барысында 15 мыңнан астам тұрғын қамтылып, олардың көтерген мәселелеріне нақты жауаптар мен шешімдер ұсынылды. Жоба аясында 12,2 мың адамға тегін заң көмегі көрсетілсе, 2,5 мың азаматқа білікті кеңес берілді, 320 азаматтың мәселесі толық шешімін тапты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында облыс аумағында «Қауіпсіз еңбек» жобасы іске қосылды. Жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау үшін «QR»-кодтар орнатылып, қызметкерлерге құқықбұзушылықтар туралы тікелей хабарлауға мүмкіндік берілді. Нәтижесінде 1213 қызметкердің 241 миллион теңге көлеміндегі жалақы берешегі өтеліп, 7 мыңнан астам адамның еңбек құқығы қорғалды. Бұдан бөлек, 1000-нан астам адамның еңбек қатынастары заңдастырылды, оның ішінде 105 кәмелетке толмаған жасөспірім де бар.

Облыста интернет-алаяқтыққа қарсы күрес те белсенді жүргізілуде. Қылмыс санының 10,9 пайызға өсуі негізінен осы қылмыстың анықталуымен байланысты. Бес айдың қорытындысы бойынша интернет-алаяқтық фактілері 383 пайызға өскен. Бұл бағытта прокурорлық қадағалау күшейтіліп, барлық өтініштердің СДТБТ жүйесіне 100 пайыз тіркелуі қамтамасыз етілді. Нәтижесінде 150-ден астам алаяқтық дерегі әшкереленді, 72 шот бұғатталып, 38 миллион теңге сомасындағы қаражаттың жолы кесілді. Сонымен қатар, 10 дропперге қатысты талаптар 16 миллион теңге көлемінде қанағаттандырылды. Бұл бағытта «Cyber» және «NarkoShekteuTaraz» цифрлық құралдары тиімді қолданылып отыр.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қылмыс жиі тіркелетін 36 «қызыл» орам анықталып (Тараз – 17, Шу – 7, Меркі – 7, Талас – 3, Сарысу – 2), полиция мен жергілікті әкімдіктер үшін алдын алу шаралары әзірленді. Мұның нәтижесінде, 1-тоқсанда қоғамдық орындарда тіркелген қылмыстардың өсімі 6,8 пайызды, ал көшеде – 4,2 пайызды құраса, 5 айдың қорытындысында бұл көрсеткіштер тиісінше 20,2 пайыз және 18,7 пайызға төмендеген.

Құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тағы бір жаңашыл бастама – «WhatsApp»-бот жүйесі. Бұл құрал үш және одан көп мәрте әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адамдарға олардың әрекеттерінің заңды салдары туралы «СМС»-хабарламалар жіберуге мүмкіндік береді.

Есірткі қылмыстарымен күрес те назардан тыс қалған жоқ. Қабылданған шаралар нәтижесінде тәркіленген есірткі көлемі 2,6 тоннадан 6,7 тоннаға дейін ұлғайып, оның басқа өңірлерге таратылуына жол берілмеді. «NarkoShekteuTaraz» телеграм-ботының көмегімен 4 мыңнан астам сайт бұғатталып, 900-ден астам граффити жойылды. ҚК-нің 299-1-бабы бойынша 44 қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар, прокуратура қарасора өнімдерін өнеркәсіптік мақсатта пайдалануды заңдастыруды ұсынды.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында да нақты шаралар қолға алынды. 2024 жылы бұл көрсеткіш 5,4 пайызға өскен болса, биыл қабылданған шаралар нәтижесінде 42,1 пайызға төмендеді. Қылмыстардың басым бөлігі колледж студенттері тарапынан жасалған. Осыған байланысты жастар арасында алдын алу институтын дамыту қажеттігі туындап, студенттерді жұмысқа орналастыру мақсатында 52 меморандум жасалды. Бұл 150 түлектің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік берді.

Жамбыл облысы прокуратурасы «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңбұзушылықтардың алдын алу және құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру бойынша нақты әрі жүйелі жұмыстарын жалғастырып келеді. Облыс прокуроры алқа отырысының қорытындысы бойынша басым бағыттарды айқындап, келесі кезеңге нақты тапсырмалар берді. Прокуратураның басты ұстанымы – қылмысқа қарсы күресті үйлестіре отырып, өңірде құқықтық тәртіпті нығайту.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«БАЛАМ, ЗАҢНАН АТТАМА!»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл маусым айында өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде «...біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет... Ұлы далада еркіндік пен әділдік, ар-намыс пен адамгершілік, тілеулестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұрған. Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық сана-сезімін арттыратын маңызды фактордың бірі. Заң – қысым

көрсетуге немесе құдалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуға тиіс... Жалпы, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жан-жақты қараған жөн», дей келіп, «Заң және тәртіп» апталығын жариялағаны белгілі. «Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық санасезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн», деп атап көрсетті Мемлекет басшысы.

Қоғам тарапынан қызу қолдау тапқан Президент бастамасы аясында содан бері елімізде «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасына сәйкес жүйелі іс-шаралар өткізіліп келеді. Жақында осындай бір іргелі іс-шара Тараз қаласында өтті. Оны Жамбыл облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрамындағы Аналар кеңесінің бастамасымен «АНАҒА ТАҒЗЫМ» отбасын қолдау орталығы ұйымдастырды. «Балам, заңнан аттама!» жобасы аясындағы дөңгелек үстел отырысына облыс әкімдігінің, білім саласы мен құқық қорғау органдарының басшылары мен мамандары, сот жүйесінің ардагерлері мен қызметкерлері, қоғам белсенділері, Ардагерлер және Аналар кеңестерінің мүшелері, зиялы қауым және БАҚ өкілдері қатысты.

Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларды заңды білуге, оны құрметтеуге, адалдық пен әділеттілік құндылықтарына тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған ауқымды іс-шараны ашқан облыстық «Анаға тағзым» отбасын қолдау орталығының директоры, аймақтық ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Эльмира Мырзағали Мемлекет басшысының бастамасын қолдау мақсатында ұйымдастырылған жиынның маңызына тоқталды. Құқықтық тәрбие ел болашағының берік іргетасы екенін атап өтіп, Президенттің «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасы азаматтардың құқықтарын қорғау, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету, қоғамда қауіпсіздік пен тәртіпті нығайту мақсатында қолға алынған жүйелі бастама екенін жеткізді.

Жамбыл облысы әкімінің кеңесшісі Хамит Есаман өз сөзінде жастарға дұрыс құқықтық бағдар беру бүгінгі мемлекеттік саясаттың басым бағыты және уақыт талабына сай екенін атап өтті, өзекті мәселенің аса маңызды тұстарына тоқталды.

Жиында адал ұрпақ тәрбиелеу тақырыбында сөйлеген «ЖАҢАРУ» республикалық қоғамдық бірлестігі Жамбыл облыстық филиалының директоры Қасымхан Төлендиев қоғамдағы әділеттілік пен ашықтықтың орнауы сыбайлас жемқорлықсыз болашаққа жол ашатынын, бұл «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының басты мақсаты екенін жеткізді. «Халқымыз қай кезде де ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, елдің болашағы, халықтың келешегі деп білген. Балам жақсы болсын десең, ең әуелі өзіңді түзеп, өз мініңді түзетіп, балаға жақсы үлгі көрсете алуың керек. Бала тәрбиесіне атүсті қарамай, баланы еліміздің ертеңі, Әділетті Қазақстанның болашағы деп түсініп, оның тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек», деді Қасымхан Естемесұлы.

Кезінде балаларына арнап құқықтық сөздік дайындап, ұлдарына кішкентайынан заң терминдерін жаттатып, тәртіпті бұлжытпай орындауға тәрбиелеген сот жүйесінің ардагері Уалиға Қайманова мектептерде 1-сыныптан бастап «Құқықтық сауаттылық» сабағын оқытуды ұсынды. Ардагер қазіргі таңда өз балаларына арнап жазған еңбегін кеңейтіп, жеткіншектерге арналған құқықтық энциклопедия жазуды қолға алыпты. Дәл осы күні ҚХА облыстық Аналар кеңесінің құрамына енгізілген Уалиға Қайманова бұдан былайғы жерде «Анаға тағзым» орталығына ай сайын келіп, әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға тегін консультация беруге дайын екенін жеткізді.

Облыстық Полиция департаменті басшысының орынбасары Бауыржан Жанаев өз сөзінде еліміздің болашағы жастардың құқықтық мәдениеті, құқықтық сауаттылығы және қауіпсіздігі мен қоғамдағы тәртібі мәселесіне, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың себеп-салдарына кеңінен тоқталды. Ол түнгі уақытта қараусыз жүрген жасөспірімдер қылмыс жасауға бейім болатынын атап көрсетті. Бірі қылмысқа тұрмыстық жоқшылық салдарынан барса, енді бірі жасөспірімдерге қосылып, өзінің қалай қылмыс жасап қойғанын байқамай да қалады. Енді біреулері тіпті, еркінен тыс қылмыстың құрбаны болуы мүмкін.

Бауыржан Дәулетханұлының айтуынша, Әкімшілік кодекстің 442-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүргені үшін 4194 атаананың жауапкершілігі қаралған. Сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орындарында балалардың заңды өкілінсіз болуына жол берген 142 мекеме иелері Әкімшіліік кодекстің 132-бабымен жауапкершілікке тартылған. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан бері кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар облыс бойынша 42,1 пайызға төмендеген.

Бүгінгідей іс-шаралар жастар арасында құқықтық сана мен тәртіпті арттыру, құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, жасөспірімдерге оң тәрбие беру мен олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға айтарлықтай үлес қосатынын айтқан Бауыржан Дәулетханұлы мектеп, колледждерде құқықтық түсіндіру жұмыстарын жиі өткізу қажет деген ұсынысын жеткізді.

Сонымен қатар, дөңгелек үстел басында прокуратура ардагері Күлзипа Әбдірахманова, облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Айжан Дүкенбайқызы, облыстық «Ассамблея жастары» мүшесі, тіл жанашыры Эсмер Дурсунова, «Жамбыл облысының жастар мәслихаты» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нәмелбек Азамат, облыстық ата-аналар кеңесінің төрағасы Ринат Нұрақбаев пен республикалық дүнген этно-мәдени бірлестігі Аналар кеңесінің төрайымы Сара Дауызова өз пікірлерімен бөлісті, бала тәрбиесін жақсартуға арналған құнды ұсыныстарын жеткізді.

Басқосу қорытындысында айтылған ұсыныстар мен пікірлер негізінде Жамбыл облысы көлемінде кешенді құқықтық-ағартушылық жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. Атап айтқанда, жаңа 2025-2026 оқу жылында, яғни қыркүйек айынан бастап, барлық аудандық, қалалық мектептерде, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждерде TED-X форматында арнайы кездесулер өткізу жоспарланды.

Бұл бастаманы жүзеге асыруға облыстық Ардагерлер, Ақсақалдар және Аналар кеңестерінің мүшелері, зиялы қауым және БАҚ өкілдері, құқық қорғау органдарының мамандары мен ардагерлері, білім басқармалары мен бөлімдері және жастар ұйымдары белсене жұмылдырылмақ. Аталған кездесулер облыстың барлық өңірлерінде жүйелі түрде, арнайы бекітілген кесте бойынша өтетін болды. Іс-шараға қатысқан сала мамандарына, мемлекеттік мекеме өкілдеріне және қоғам белсенділеріне осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіру бойынша нақты тапсырмалар жүктелді. Жергілікті әкімдіктер мен білім басқармалары тарапынан кесте түзіліп, жоспарлы әрі нәтижелі жұмыс жүргізу көзделіп отыр.

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР ЕКІ ЕСЕДЕН АСА АЗАЙҒАН

Жамбыл облысы Полиция департаменті 2025 жылдың алғашқы алты айының жұмысын қорытындылады. Іс-шара барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа отырысында берген нақты тапсырмалары мен Ішкі істер министрі Ержан Саденовтың нұсқаулары жеке құрамға жеткізілді.

Департамент бастығы, полиция полковнигі Бақытжан Малыбаев өз баяндамасында өңірдегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тұрақты оң өзгерістер байқалып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, соңғы бес жыл ішінде қылмыстық құқықбұзушылықтар екі еседен астам азайған.

– Президент нақты тапсырма берді: басты бағдар – «Заң және тәртіп» қағидаты. Бұл жай ғана ұран емес, нақты әрекетке бастайтын үндеу. Біз құқықтық нигилизм ошақтарын жоя отырып, ашықтыққа, жауапкершілікке және алдын алу шараларына басымдық беріп келеміз, – деді департамент басшысы.

Жыл басынан бері облыс көлемінде 30-дан астам жедел-профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде қоғамдық орындардағы құқықбұзушылықтар,

бұрын сотталғандар, мас күйінде, кәмелетке толмағандар және топпен жасалатын қылмыстар саны азайғаны байқалады. Отбасылық зорлық-зомбылық пен әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыс та өз нәтижесін беруде. Бұл санаттағы қылмыстардың деңгейі 30 пайызға төмендеген.

Полиция департаменті есірткі қылмыстарына, әсіресе жастар арасындағы заңсыз әрекеттерге қарсы күресті күшейтіп отыр. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен бейнебақылау жүйесі құқықбұзушылықтардың алдын алуда тиімді құралға айналды. Тек Тараз қаласының өзінде бейнебақылау жүйесі арқылы 32 қылмыс, ал облыс бойынша 89 қылмыс ашылды. Цифрлық алаяқтық – бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Жыл басынан бері 54 кәсіби алаяқ ұсталды, олардың 24-і өзге облыстардан келгендер. Сонымен қатар, қылмыстық схемаларда қолданылған 130 дроппер анықталып, әрекеттері тоқтатылды.

Бүгінгі тыныш әрі қауіпсіз қоғам – тәртіп пен заңға негізделген жүйелі жұмыстың жемісі. Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастамалары мен нәтижелері – осы бағыттағы нақты қадамдардың айғағы.

«ST» АҚПАРАТ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЕҢБЕК ПЕН ІЛГЕРІЛЕУДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Жетісайлықтарға қалай жұмыс істеуді үйретудің қажеті жоқ, жетісайлықтардан қалай жұмыс істеуді үйрену керек. Ауылшаруашылығына басымдық берілген ауданда бүгінде жиын-терім науқаны ерекше қарқынмен жүргізіліп, алыс-жақын шет мемлекеттерге қауын-қарбыз жөнелтіліп жатыр. Сонымен қатар, біршама нысанның құрылысы да қызу қарқынмен жүруде. Жетісай ауданының бүгінгі тыныс-тіршілігімен БАҚ өкілдері үшін арнайы ұйымдастырылған баспасөз турында таныстық.

Жетісай ауданындағы Асықата кентінде «SPORT ASSET MANAGEMENT» қоғамдық бірлестігінің жеке инвестициясы есебінен заманауи спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бір гектар аумақта салынып жатқан, құны 1 миллиард теңгені құрайтын бұл нысанда бір мезетте 200-ге жуық адам үстел теннисімен айналыса алады. Сонымен бірге, ғимараттағы екінші залға 3 бірдей күрес түріне арналған кілем төселіп, бокс рингі мен жаттығу жабдықтары орнатылмақ. Одан бөлек 15 ер адам мен 15 әйелге арналған төсек-орны бар әкімшілік блок қарастырылады. Аудан әкімінің орынбасары Айдос Исмаиловтың айтуынша, былтыр құрылысы басталған нысан биыл пайдалануға беріліп, ірі турнирлер өткізуге мүмкіндік туындамақ.

– Бүгінде ауданда мектептер мен арнаулы оқу орындарының алаңшаларынан бөлек 77 ашық алаңша бар. Оның 49-ы мемлекеттің, 28-і жеке азаматтардың меншігінде. Спорт саласын дамыту мақсатында 2023 жылы мемлекет есебінен – 5, кәсіпкерлер есебінен – 5 спорт нысаны салынды. Ал, былтыр мемлекет тарапынан – 6, жеке инвестиция есебінен – 4 спорт нысаны пайдалануға берілді. Биыл жыл соңына дейін жалпы құны 90,5 миллион теңгені құрайтын 6 спорт алаңшасының құрылысы аяқталады, – деді Айдос Бақытжанұлы.

Асықата кентінде бой көтерген тағы бір нысан – жеке инвестор Елдос Байыспаевтың қаржысына салынған «Samruk Medical clinic» медициналық орталығы. Былтыр мамырда құрылысы басталған нысан жуырда іске қосылып, 130 жоғары санатты маман тұрақты жұмыспен қамтылады. Сонымен қатар, мұнда күрделі оталардың кез келген түрін жасау мүмкіндігі қарастырылып, балалар мен ересектерге арналған вакцина бөлмелері және зертханалар, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жеделсаты іске қосылады. Заманауи құрал-жабдықтар орнатылған «Жедел жәрдем» көліктері де бар екен. Қолданысқа берілуге тас түйін дайын тұрған орталықтың күндізгі стационарында – 10, тәуліктік стационарында – 40, терапия бөлімінде 20 және травмотология бөлімінде 10 төсек-орын қарастырылған. Айта кетейік, былтыр Түркістан облысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасы аясында 48 медициналық-санитариялық алғашқы көмек беру нысаны салынған болса, соның алтауы Жетісай ауданында салынған. Аталған орталықтарда әйелдерді қарап-тексеру, екпе, профилактикалық шаралар, дұрыс тамақтану мектебі, дені сау бала, стерилизация, қақырық жинау, егу, тұрмыстық шаруашылық және дәріхана бөлмелері қарастырылған.

Баспасөз-туры аясында егістік алқапқа тамшылатып суару технологиясын енгізуді қолға алған «Смайыл» шаруа қожалығына жол түсті. Смайыл Әуезов биыл Абай ауылдық округіндегі 260 гектар егістігінің 230 гектарына қытайлық мақтаның шитін сеуіп, қалған 10 гектарына көкөніс және 20 гектарына бақша дақылдарын еккен. Жерге дән тастап қана қоймай, су тапшылығынан зардап шекпес үшін «BNK GROUP» компаниясымен келісіп, 177 гектар жерге су үнемдеу технологиясын жүргізген. Бұл жобаның тиімділігі сол, әр гектарға кететін шығынның 80 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады және өнім көлемін 2-2,5 есеге дейін өсіруге мүмкіндік береді. Мамандардың сөзіне сүйенсек, бүгінде Жетісай ауданында 5646 гектар алқапқа су үнемдеу технологиясы жүргізілген. Биыл жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 8000 гектарға жеткізілмек.

Одан бөлек, аталған округтің диқандары қауын-қарбызын жинап, экспортқа жөнелтіп жатыр. Солардың бірі – 20 жылдан бері диқаншылықпен айналысып келе жатқан Қайрат Жақыпов. Жетісайлық шаруа 30 гектар егістігінің 15 гектарына қауынның «Бакинка» сортын ексе, 15 гектарына мақта шитін сепкен. Несібесін жерден терген ол биыл да ойдағыдай өнім алып, әр қауынның келісін 550-600 теңгеден саудалап жатыр. Өзі пайда тауып қана қоймай, жергілікті 15 тұрғынды жұмыспен қамтыған.

– Биыл егініміз жылдағыдай жақсы өнім берді. Сұраныс та, баға да көңілдегідей. Ағын судан қиыншылықтар болғанымен, тапшылық көрмедік. Бүгінде өнімдерімізді ішкі нарық пен көршілес елдерге экспорттап, егістік басынан ешқандай делдалсыз келісін 550-600 теңгеден саудалап жатырмыз, – дейді «Алтынбек» шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Жақыпов.

БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз-туры Жаңа ауыл ауылдық округіне қарасты Ынтымақ елді мекенінде түйінделді. Мұнда қазір жалпы құны 3,5 миллиард теңгені құрайтын, Жаңа ауыл, Қарой, Ынтымақ және Атақоныс елді мекендерін ауызсумен қамтамасыз ететін нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріліп, 10 мыңға жуық тұрғын сапалы ауызсуға қол жеткізеді.

Аудан әкімдігінің дерегіне сүйенсек, бүгінде 105 елді мекеннің барлығы толығымен орталықтандырылған ауызсу құбырынан таза су ішіп отыр. 83 ауызсу ұңғымасы, 85 ауызсу мұнарасы мен 24 су сақтағыш, санитарлық қорғау аймақтары қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Аудан аумағындағы 1197 шақырым құбыр желісінің 81,5 пайызы қанағаттанарлық жағдайда.

Б. ЕРМАН.
Түркістан облысы.

ЖАС КӘСІПКЕР

ЖУРНАЛИСТИКА – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ, КӘСІПКЕРЛІК – ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ

Тараз қаласында арманы мен мақсатын ұштастырып, ерте жастан өз кәсібін бастап кеткен жастар аз емес. Солардың бірі – небәрі 20 жастағы жас кәсіпкер Алмат Абиров. Қарапайым отбасынан шыққан, болашақ журналист бола тұра кәсіпкерлік жолын таңдаған Алмат бүгінде аяққиім саудасын сәтті жүргізіп отыр.

— Кәсіпкер болу – бала күнгі арманым еді. Уақыт өте келе бұл арман нақты мақсатқа айналды. Аяққиім – адамдарға күн сайын қажет болатын тауар. Сондықтан нарықтағы сұраныс та, табыс та тұрақты. Мен осы саланы таңдадым және біртіндеп өз тұтынушыларымды, сенімді серіктестерімді жинақтап келемін, – дейді Алмат.

Бүгінде ол жоғары оқу орнында журналистика мамандығы бойынша білім алып жүр. Бірақ, шығармашылықты кәсіппен қатар алып жүруді дұрыс көреді.

— Қазіргі заманда бір ғана бағытпен шектелуге болмайды. Адам өзін жан-жақты дамытып, мүмкіндігін барынша пайдалана білуі керек. Журналистика – менің жүрек қалауым, ал кәсіпкерлік – өмірлік тәжірибе мектебі, – дейді жас кәсіпкер.

Кәсіпті бастаған кездегі ең үлкен қиындық – қаржы мәселесі болған. Бірақ, Алмат алғашқы капиталды өз күшімен жинап, нақты жоспар құрып, іске кіріскен.

— Тауар таңдау – үлкен жауапкершілік. Бизнесіңнің болашағы соған тікелей байланысты. Қазір басты мақсатым – сапалы өніммен қамтамасыз ету және тұтынушылар сенімін арттыру. Оңай емес, бірақ күн сайын бір қадам болса да алға жылжуға тырысамын, – дейді ол.

Алмат үшін ең үлкен мотивация – «өз ісіңнің иесі болу, өз еңбегіңнің жемісін көру». Қиын сәттерде ол өз-өзін «Тоқтама!» деп қайрап, алға жетелейді.

Жас болса да, іскерлік пен табандылық танытқан Алмат Абировтың табыс жолы– көптеген жастарға үлгі. Оның мысалы арманына адал, еңбектен тайынбайтын жандардың мақсатына міндетті түрде жететінін дәлелдейді.

«ST» АҚПАРАТ.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ОТБАСЫН АДАЛ ЕҢБЕКПЕН АСЫРАП ЖҮРГЕН АЗАМАТ

Астана жарқыраған ақшаңқан архитектурасы, мұнтаздай тап-таза көшелерімен көз тартады. Бүгінде қаланың тазалығы тұрғындардың мәдени индикаторына айналған. Бірақ, осы мінсіз көріністің артында көрінбейтін қажырлы еңбек, ескерусіз адамдар бар. Солардың бірі – көше тазалықшысы Талғат Ахметов.

61 жастағы Талғат аға – Есіл ауданындағы Тұран даңғылы бойын күн сайын сыпырып өтетін қарапайым еңбек адамы.

Ол – Қарағанды облысының тумасы. Қазір Астана маңындағы Талапкер ауылында тұрады. Қала мен ауыл арасы–57 шақырым. Қалаға күн сайын жұмысшыларға арналған арнайы автобуспен қатынайды.

– Таңым сағат 04:30-да басталады, қалаға 06:30-да шамасында жетеміз. Қолымызға сыпырғыш пен арба, күрек алып, жетіде жұмысты бастап кетеміз. Екі-екіден жүреміз. Біріміз сыпырып, біріміз үйілген қоқысты арбаға саламыз. Жұмыс уақыты сағат 07:00-ден 16:00-ге дейін. Түскі ас–11-де. Сыпырамыз, тазалаймыз, арбамен қоқыс жинаймыз. Бәрі – қарапайым тірлік, десе де жеңіл емес. Бірақ, үйге жетіп, шай ішіп отырғанда, шаршағаның, бәрі ұмыт болады», – дейді Талғат аға, сыпырғышына таянып.

Ол тазалайтын аумақ – Сығанақ көшесінен «Астана Жұлдызы» айналма жолына дейінгі Тұран даңғылы. Аз емес. Бірақ, ол бұл жолды қалтарыс-бұлтарысына дейін жаттап алған. Әр таныс із, таныс жол, тіті, әр ағашының көлеңкесі де таныс көрінеді.

«Айлығымыз – 250 мың теңге. Көп емес. Қанша аз табыс болса да, адал нәпақа. Алты күн істеп, бір күн демаламыз. Осы тазалық саласында 10 жылдан аса уақыт жұмыс істеп жүрмін», – дейді Талғат аға.

Ол елорда тұрғындарының тазалыққа бейім екенін ерекше атап өтті.

«Кейбір қалаларда, адам көп жерде қоқыс та көп болады. Бірақ, Астанада ондай емес. Тұрғындар ұқыпты. Әрине, біренсаран болмаса, жалпы халық түсіністікпен қарайды. Қоқысты қоқыс жәшігіне тастайды. Астана тұрғындары тазалыққа бейім. Бұл – біздің жұмысымызды жеңілдетеді»,– дейді ол.

Талғат аға әр маусымның өз қиындығы бар екенін жасырмады. Көктемде – батпақ, жазда – шаң мен бөтелке, күзде–жапырақ, ал қыста – қар. Ол үшін ең қиын маусым–көктем мен күз. Бірақ, кейіпкеріміз әр мезгілдің өз кереметі де, қиындығы да бар екенін айтты.

«Қыс қатты болған жылдары күні бойы күрек ұстап шығамыз. Ал, жазда — қоқыс көп. Адамдар серуендейді, су ішеді, балмұздақ жейді – бәрі қаланың шетінде қалып жатады. Соның бәрін жинаймыз. Жеңіл жұмыс жоқ. Бірақ, адамның ниеті түзу болса, бәріне үйренеді екен. Біз де соны көріп келеміз», – дейді ол.

Сондай-ақ Талғат аға ешқашан істеп жүрген жұмысынан қысылмағанын айтады.

«Қарапайым ғана жұмыс істегеніме ұялмаймын. Бұл да – адал еңбек. Адал еңбектің артында тыныш ұйқы мен тәтті нан тұрады», – дейді тазалықшы.

Талғат Ахметов бұрын Нұра ауданында аула ішіндегі жолдарды тазалаған. Екі жыл бұрын осы Есіл ауданына ауысқан.

«Басында қалаға келу қиындау болды. Бірақ, елордада тазалыққа, тәртіпке қарайтын көздер бар. Біз де соған үлес қосып жүрміз деп ойлаймын», – деді Талғат Ахметов.

Талғат ағаның төрт баласы бар. Балалары есейген, әрқайсысы өз өмірін құрып жатыр.

«Балаларыма еңбекті үйреттім. Өзіңе сенсең, ештеңеден қысылмайсың. Қазір бәріне шүкір деймін. Осы жұмыстың арқасында ешкімге қол жаймадым. Отбасыны адал еңбекпен асырағанға жететін нәрсе жоқ», – дейді ол байыппен.

Кейіпкеріміз көп сөйлемейді. Бірақ, айтқан әрбір сөзі – нық, жасаған әрбір ісі – тәртіпке құрылған. Сырт көзге ол жай ғана сыпырғыш ұстаған жан сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, дәл сол үнсіз еңбегі адамдардың жайлы жүріп-тұруына жағдай жасалып, қаланы таза, көшелерді көрікті етеді.

«Адамдар көбіне байқай бермейді. Бірақ, біз болмасақ, көше көркі де болмайды. Мен соны жақсы білем. Сондықтан әр таң – мен үшін жауапкершілік. Тазалық тек тазалықшыларға керек емес. Ол бәрімізге ортақ. Қоқысты жәшікке тастасаңыз бізге де, өзіңізге де істеген жақсылығыңыз болады. Қала тазалығы – сіз бен бізге аманат», – деді ол.

Қала көшелері тазарғанда, ол өзі де бір тыныстап, тазарғандай болады. Біреуге елеусіз, біреуге беймәлім адам. Бірақ, Талғат Ахметов – Астананың күнделікті тынысын бір қалыпта ұстап, таза да сәнді қаланың көсегесін көгертіп жүрген абыройлы жұмысшылардың бірі. Сондай-ақ өмірін адал кәсіпке арнап, қоғамның жақсара түсуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан еңбек адамы.

А. ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ.
Астана қаласы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ШИЕЛІЛІКТЕРДІҢ ДЕ ТАБЫС КІЛТІНЕ АЙНАЛДЫ

Шиелі ауданындағы қалталы азаматтар «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында кәсіп бастап жатқан жандарға арнап үлкен ғимарат салып берді. Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жомарт Ақбергеновтің айтуынша, тың кәсіпке кіріскен бес кәсіпкер сол орталыққа орналасыпты. Олар 1-2 жыл ішінде ісін жолға қойып алған соң орнын басқаларға босатады.

Ауданда жаңадан ашылған өндіріс орнының бірі «Шиелі құс еті» агроөнеркәсіп кешені табысты жұмыс істеп тұр. «Ауыл аманаты» бағдарламасы басталған жылы үш жеке кәсіпкер бірігіп құрған ауылшаруашылығы кооперативі 27600 мың теңге несие алыпты. Қорасын қамдап, керегін сайлап, былтыр шаруа бастап кеткен кооперативтегі үш бокстың әрқайсысында қазір 1500 балапан бағылады. Шымкенттен жеткізілетін тауық балапандары 45 күнде союға жарайды. Кешеннің өкілі Сәкен Салмырзаев «Шиелі құс еті» аудан халқын құс етімен толық қамтып отырғанын айтады.

Фермалар заманауи, автоматтандырылған күтім жүйесімен жабдықталған. Құс жемі Жамбыл облысынан жеткізіледі, температуралық және санитарлық талаптар тұрақты бақыланады.

«Бұл – тауықтың «бройлер кобб» деген тұқымы. 45 күннің ішінде 2,5-2,7 килограмм салмақ жинайды. Біркүндік балапанды Шымкенттен алдырсақ, оларға Өзбекстаннан жұмыртқа күйінде жетеді екен. Алда қалдықсыз өнім шығаруға ден қойсақ дейміз. Басқа өңірлерде жүнінен бөлек ішек-қарны, бас-аяғына дейін балық өсіретіндер алып кетеді екен. Бізде әзірге ондай сұраныс жоқ. Бірақ, осы бағытта жоба-жоспарымыз бар», дейді ол.

«Ауыл аманатының» арқасында кәсібін көркейтіп отырған жергілікті іскердің бірі – Мұрат Исабеков. 9 жыл бұрын ауданда жылыжай ісін алғаш қолға алған кәсіпкер еккен қияр, қызанақ, баклажан қазір Шиелідегі азық-түлік дүкендері мен базар сөрелеріндегі танымал өнімге айналған. Ол бағдарлама аясында қолына тиген 4,5 миллион теңгені жылыжайды кеңейтуге жұмсапты.

«Көшет дайындауға ақпаннан бастап кірісіп, наурыз айында отырғызамыз. Бір айдың ішінде өнім бере бастайды. Қазір күнара бір тоннадай өнім жинап отырмыз. Осыны күзге дейін саудалап, күзде қайта егемін. Оның өнімі қыста саудаға шығады», дейді.

Жалпы көлемі 28 сотық жылыжайда жыл он екі ай тірлік таусылмайды. Мысалы, қазір мұнда 9 мың түп қияр, 1 мың түп баклажан бар. Жылыжай иесінің айтуынша, қызанаққа қарағанда қияр еккен тиімді. Жерге тасталған оның дәні 45 күнде өнім бере бастайды. Ал, қызанағыңыз 4 ай дегенде піседі. Оның өнім беру мерзімі де қысқа – бар болғаны 1,5 ай. Ал, жылына екі рет егілетін қияр көшетінен бір маусымда ғана 10 килограмнан астам өнім жинайсыз.

Мұрат Исабеков осы жерге баспанадан бұрын жылыжай салуды қолға алғанда күлгендер де аз болмапты. Талабының табысқа айналарын анық сезген ол ештеңеге қарамады. Әуелі жерді дайындап, жылыжайдың қаңқасын тұрғызды, жарығы мен жылуын тартты. Жыл сайын тапқан табысын айналымға да салып, үй құрылысына да жеткізді. Жылыжайдағы әр жылы бұған телегей-теңіз тәжірибе жинап берді. Қазір әр өнімнің күтімі мен бабы туралы сағаттап айтуға бар.

Жылыжайға егетін қиярдың тұқымын Түркістан мен Шымкенттен алдырады. Күздің қысқа ұласар шағында қырыққабаттың «Айсберг» деген тұқымын егеді. Өйткені, жазда егуге келмейтін, қыста жылуды қажет етпейтін бұл өнімге ауданда сұраныс көп.

Табысқа тоқырап қалмай жиі ізденетін жігіт құлпынай егуді де зерттеп көріпті. Алда адам күшін көп қажет ете бермейтін осы кәсіпті қолға алмақ ниеті бар. Осылайша, елдегілер «Ауыл аманаты» аясында еңсе тіктеп, жаңа іс бастап жатыр.

М. ЖЕТПІСБАЕВ.
Қызылорда облысы.

ҚҰТТЫҚТАУ

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨНЕГЕ ЖОЛЫ

Жұмаділова Жанат Жатайқызының зейнеткерлікке шығуына орай

Қаржы жүйесі – мемлекеттің тірегі, экономикасының жүрегі. Осы салада 40 жылға жуық уақыт еңбек етіп, өзінің кәсіби шеберлігімен, жоғары жауапкершілігімен ел құрметіне бөленген жан – Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы Жұмаділова Жанат Жатайқызы.

Бүгінде зейнеткерлік жасқа толып отырған Жанат Жатайқызы абыройлы еңбек демалысына шыққалы отыр. Бұл – бірнеше буынға үлгі болған қажырлы еңбектің, адал қызметтің, ел игілігі жолындағы тынымсыз жылдардың лайықты қорытындысы.

Өнегелі еңбек жолы.

1964 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген Жанат Жатайқызы 1985 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша тәмамдап, сол жылдан бастап салық саласында еңбек жолын бастады. Қатардағы маманнан бастап, бөлім басшысы, басқарма басшысы дәрежесіне дейін өскен ол – барлық лауазым сатысынан адал еңбегімен өткен нағыз кәсіби маман.

1994 жылдан 2009 жылға дейін салық есептілігіне байланысты, тексерулер және тағы басқада салық қызметінің әртүрлі бөлімшелерінде жұмыс атқарды. 2009 жылдың мамыр айынан бастап Тараз қаласы бойынша салық басқармасының орынбасары лауазымына тағайындалды. 2013 жылдан бері Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде жұмыс атқарып келеді, соңғы 10 жылда мәжбүрлеп өндіріп алу басқармасын, камералдық бақылау басқармасын басқарды. 2018 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы ретінде өңір қаржы жүйесінің тұрақты дамуына елеулі үлес қосты.

Қызметі – үлгі, жетістігі – мақтаныш.

Жанат Жатайқызы – тек кәсіби біліктілігімен ғана емес, адамгершілігімен, әділдігімен, көрегендігімен әріптестер арасында ерекше құрметке ие. Ол көптеген жас мамандарға тәлімгер болып, оларды тәрбиелеп, биікке жетелеуде маңызды рөл атқарды. Қаржы саласына сіңірген еңбегі үшін еліміздің жоғары марапаттарына ие болды.

Атап айтқанда, 2019 жылдың қараша айында «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2021 жылы «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен, 2011 жылы «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, 2023 жылы «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» белгісімен, 2022 жылы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Қаржы қызметінің 100 жылдығына орай 2021 жылы мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің грамоталарымен, Жамбыл облысы әкімінің грамоталарымен, Алғысхаттармен марапатталған. Кәсіби деңгейін үнемі арттырып отырады, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, «Тұран-Профи» Халықаралық академиясында, ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығында оқу курстарынан өтті, тренингтерге қатысты. 2024 жылы «Қазақстан Республикасының Құрметті маманы» атағына ие болуы – оның ұзақ жылғы еңбегінің жоғары бағалануының нақты дәлелі.

Ұжым атынан алғыс пен тілек.

Жанат Жатайқызы – қаржы жүйесінде өз ісінің нағыз шебері ретінде қалыптасып, бүкіл еңбек жолын бір салаға арнаған санаулы мамандардың бірі. Ұжымдастар үшін ол – табандылықтың, кәсібиліктің, жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Құрметті Жанат Жатайқызы!

Сізді өміріңіздің жаңа кезеңіне – зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің артыңыздан ерген әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз Сіздің салып кеткен сара жолыңызды жалғастырарына сенеміз. Енді Сізге шығармашылық тыныштық, отбасыңыздың амандығын, зор денсаулық пен өмірлік қуаныш тілейміз!

Сіздің есіміңіз бен еңбегіңіз әрқашан біздің ұжымның тарихында құрметпен атала береді.

Құрметпен,
Жамбыл облысы бойынша
мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы.

СЕМИНАР

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ — ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Дін – бағзы заманнан бар дүние. Қазіргідей қилы уақытта бұқараның барлығы діни тұрғыда білімді емес екені анық. Сондықтан сала мамандарына жүгініп, салиқалы сұхбат алаңын құру абзал.

Жуырда Қордай ауданында республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, теолог Данияр Еркінұлының қатысуымен семинар өтті. Аталмыш басқосу «Amanat» партиясы аудандық филиалы ғимаратында ұйымдастырылды.

Ең алдымен Шу өңіріне атбасын бұрған мейманды жергілікті дін қызметкері Мағжан Мұратұлы таныстырып, семинарға келген қатысушыларға тақырыпты таныстырып өтті. Семинар барысында «Дін және мәдениет қатынасы: зайырлы ел ұстанымы» және «Шариғаттағы имамға деген талаптар» тақырыптары кеңінен талқыланды. Данияр Еркінұлы Қазақстандағы зайырлы мемлекет ұстанымының ерекшеліктерін, діни сананы қалыптастырудағы мәдениеттің рөлін және қазіргі қоғамдағы имамдардың жауапкершілігі мен міндеттерін атап өтті.

Іс-шараға ауылдық округтердегі дін саласына жауапты мамандар, мешіт имамдары, ардагерлер мен қоғам белсенділері қатысып, спикермен өзара пікір алмасты.

Семинардың негізгі мақсаты – діни тұрақтылықты сақтау, дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу және дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды, – дейді М.Мұратұлы.

Одан бөлек жат ағымдардың негізгі сипаттарын, олардың қоғамға төндіретін қауіп-қатерлерін нақты мысалдармен түсіндіріп, қазіргі мәдениет пен зайырлылық қағидаттары бойынша мазмұнды баяндама жасалды.

Іс-шараға шақырылған қонақтардың айтуынша мұндай кездесулер өңірдегі діни тұрақтылықты нығайтып, дін мамандарының білім көкжиегін кеңейтуге сеп болмақ.

Б. ЕМБЕРДІ.
Жамбыл облысы.

Газетіміздің келесі саны 10 шілде, бейсенбі күні шығады.

Қостанай облысы бойынша ТМРКД «Сарыағаш» ЖШС-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Сарыағаш» ЖШС-ның бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге тарифпен тарифтік смета жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 8 шілдеде сағат 12.00-де** Қостанай облысы, Денисов ауданы, Перелески ауылы, Центральная көшесі , 1 үй, «Сарыағаш» ЖШС кеңсесі мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ по Костанайской области пройдет публичное слушание по заявке ТОО «Сарыагаш»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО «Сарыагаш» на услуги по предоставлению подъездных путей для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичное слушание состоится **8 июля 2025 года в 12.00 часов** по адресу Костанайский область, Денисовкий район,село Перелески, улица Центральная дом 1 , офис ТОО «Сарыагаш».

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

Тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау

Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті **2025 жылғы 11 шілдеде сағат 12.00-де** Павлодар облысы, Екібастұз қ. көше даңғылы. Д. А Қонаева 105, "Екібастұз ЖЭО" ғимараты, 4 қабат, акт залы мекенжайында "Energy Solutions Center" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылу энергиясын өндіру бойынша қызметіне тариф жобасын қарау бойынша, сондай-ақ «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде жария тыңдау өтетінін хабарлайды (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға шақырады.

Анықтама телефоны: 615955.

Публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа

Департамент комитета по регулированию естественных монополий по Павлодарской области сообщает, что **11 июля 2025 года в 12.00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа товарищества с ограниченной отвественностью «Energy Solutions Center» по производству тепловой энергии по адресу: Павлодарская область, Г. Экибастуз. ул.проспект им. Д.А Кунаева 105, здание «Экибастузская тэц», 4этаж, актовый зал, а также в режиме онлайн посредством социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент приглашает на публичное слушание потребителей и иных заинтересованных лиц.

Справки по телефону: 615955.

Тарифтер жобаларын қарау бойынша жария тыңдау

Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті **2025 жылғы 14 шілдеде сағат 15.00-де** Павлодар облысы, Солнечный кенті, Конституция к., 1 мекенжайында Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі «Горводоканал» МКК суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне тариф жобаларын қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Сонымен қатар «Zoom» арқылы конференция жоспарланған: https://us04web.zoom.us/j/75086538760?pwd=1tulEe4vKyPPLcbVGj8Qhw7lq0jUJM.1 сілтемесі арқылы қатысуға болады.

Конференция идентификаторы: 750 8653 8760.

Кіру коды: Eva1GA.

Сонымен қоса, «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде өтеді (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға шақырады.

Анықтама телефоны: 615955.

Публичное слушание по рассмотрению проекта тарифов

Департамент комитета по регулированию естественных монополий по Павлодарской области сообщает, что **14 июля 2025 года в 15.00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифов ГКП «Горводоканал» отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Экибастуза по подаче воды по распределительным сетям и отводу сточных вод по адресу: Павлодарская область, поселок Солнечный, улица Конституции, 1.

Также запланирована конференция: «Zoom».

Подключиться к конференции можно по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/75086538760?pwd=1tulEe4vKyPPLcbVGj8Qhw7lq0jUJM.1

Идентификатор конференции: 750 8653 8760

Код доступа: Eva1GA.

Дополнительно будет транслироваться на официальной странице Департамента в «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент приглашает на публичное слушание потребителей и иных заинтересованных лиц.

Справки по телефону: 615955.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 15 шілдедегі сағат 11.00-де** «Павлодар электржелістік Тарату компаниясы» АҚ, «Ресей темір жолдары» АҚ электр энергиясын сату арналған жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерінің жобаларын қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды. Мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қ., Ак. Сатпаев к-сі 136, 419 кабинет «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде (https://www.facebook. com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Анықтама үшін телефон: 615955.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент КРЕМ по Павлодарской области сообщает, что **15 июля 2025 года в 11.00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа АО «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания» на услуги по снабжению электрической энергии ОАО «Россиийский железные дороги» по адресу: Павлодарская область, г.Павлодар, Ак. Сатпаева 136, кабинет 419, а также в режиме онлайн посредством социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=1000649536 54562).

Департамент приглашает на публичное слушание потребителей и иных заинтересованных лиц.

Справки по тел.615955.

Қарағанды облысы, Шет ауданы бойынша Ақсу-Аюлы ауылы және Ақадыр кентінде «Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ «Энергиямен қамтамасыз ету» филиалының шекті бағаның алдағы көтерілуі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Жезқазған қаласы, Шевченко көшесі, 36 үй мекен - жайында орналасқан «Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ «Энергиямен қамтамасыз ету» филиалы Қарағанды облысы, Шет ауданы бойынша Ақсу-Аюлы ауылы және Ақадыр кентінде тұтынушылар үшін электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (энергиямен жабдықтау) қызметіне шекті бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратын қарауға байланысты жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес ұсынылған.

Жария тыңдаулар:

-Ақадыр кентінде **2025 жылғы 16 шілдеде сағат 12:00-де**, Тұяқ көшесі, 10 үй, Шет ауданы әкімдігінің «Ағадыр мәдени-демалыс орталығы» КМҚК, мекенжайы бойынша;

-Ақсу-Аюлы ауылында **2025 жылғы 16 шілдеде сағат 15:00-де,** Жанқұтты көшесі, 39 үй, Шет ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шет аудандық мәдени-сауық орталығы» КМҚК, мекенжайы бойынша өткізіледі.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде көрсетіледі https://www.facebook.com/profile.php?id=100086031623395&mibextid=dGKdO6)

Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар, қоғамдық бірлестіктер, тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының, табиғи монополиялар субъектілерінің өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады.

Баға жобасы туралы, сондай-ақ «Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ «Энергиямен қамтамасыз ету» филиалының қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінен жария тыңдауларға қатысушылар экономикалық негізделген есептеулермен өзгеру себептері туралы ақпаратты сұрату құқығында.

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7102) 76 02 47.

«Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ «Энергиямен қамтамасыз ету» филиалының байланыс телефоны: 8 (7212) 94 05 81.

В Карагандинской области, Шетского района в селе Аксу-Аюлы и поселка Агадырь пройдут публичные слушания по рассмотрению информации об изменении предельной цены Филиала АО «Жезказганская распределительная электросетевая компания» «Энергоснабжение»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по области Ұлытау Министерства национальной экономики Республики Казахстан, расположенный по адресу: город Жезказган, улица Шевченко, дом 36, информирует о проведении публичных слушаний о предстоящем повышении предельных цен Филиала АО «Жезказганская распределительная электросетевая компания» «Энергоснабжение» на услуги розничной реализации (энергоснабжения) электрической энергии для потребителей Карагандинской области, Шетского района села Аксу-Аюлы и поселка Агадырь.

Информация представлена в соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденными приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

Публичные слушания состоятся:

-поселок Агадырь **16 июля 2025 года в 12:00 часов,** КГКП «Агадырский культурно-досуговый центр им.Шабал Бейсекқызы» акимата Шетского района, по адресу: улица Туякова, дом 10.

-село Аксу-Аюлы **16 июля 2025 года в 15:00 часов,** КГКП «Шетский районный культурно-досуговый центр» Отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Шетского района, по адресу: улица Жангутты би, дом 39.

Также публичные слушания будут транслироваться в режиме онлайн - посредством социальной сети «Facebook» https://www.facebook.com/profile.php?id=100086031623395&mibextid=dGKdO6)

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Информацию о проекте цены, а также о причинах изменения с экономически обоснованными расчетами участники публичных слушаний в праве запросить у субъекта общественно значимого рынка Филиала АО «Жезказганская распределительная электросетевая компания» «Энергоснабжение».

Контактный телефон Департамента: 8 (7102) 76 02 47.

Контактный телефон Филиала АО «Жезказганская распределительная электросетевая компания» «Энергоснабжение»: 8 (7212) 94 05 81.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ, saltar61@mail.ru
Газет 1994 жылы шығарыла бастады

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз:
www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 432